

КЕЛІСІЛДІ:

**Шығыс Қазақстан облысы
дене шынықтыру және спорт
басқармасының басшысы**

 **Ж. Сайханов**
« » 2023 ж.

БЕКІТЕМІН:

**Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасының басшысы**

 **И. Чернышёва**
« » 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

**«Шайбалы хоккей бойынша
ШҚО ОРМБЖСМ» КММ**

**«Торисето» хоккей мектебінің
директоры**

 **С. Шелков**
« » 2023 ж.



**Шығыс Қазақстан облысы қалалары мен аудандарының балалар мен
жасөспірімдер командалары арасында өтетін шайбалы хоккейден
«Жұлдызша» турнирінің
регламенті**

I. Мақсаттары мен міндеттері

Турнирдің мақсаттары мен міндеттері;

- балалар мен жасөспірімдерді жаппай дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту;
- дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ұлттық бағдарламаны орындау;
- салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық мәдениетті дамыту, бос уақытты ұйымдастыру және жас ұрпақтың денсаулығын нығайту;
- Шығыс Қазақстан облысында шайбалы хоккейді танымал ету;
- хоккейден спорттық мамандандырылған мектептерді толтыру үшін жас талантты хоккейшілерді анықтау;
- Турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау;
- Турнирдің үздік ойыншыларын анықтау.

II. Турнирді өткізуді басқару

Турнирді ұйымдастыру және тікелей өткізу туралы жалпы басшылықты Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы жүзеге асырады. Жарысты тікелей өткізу ШҚО білім басқармасының «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы КМҚК бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Білім бөлімдері, спорт бөлімдері мектепішілік және қалалық (аудандық) кезеңдерді бақылау мен өткізуді жүзеге асырады.

Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, «Шайбалы хоккей бойынша ШҚО ОРМБЖСМ» КММ хоккей модулін ұсынуды жүзеге асырады.

III. Турнирді өткізу мерзімі мен орны

Турнир 2023 жылға арналған республикалық спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары мен халықаралық жарыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкес өткізіледі.

Турнир үш кезеңде өткізіледі:

I кезең: мектепішілік жарыстар (**2023 жылғы 17 ақпанға дейін**);

II кезең: қалалық және аудандық жарыстар (**2023 жылғы 17 ақпанға дейін**);

III кезең: облыстық (**Өскемен қ., 2023 жыл 27 ақпан-3 наурыз**).

Турнирдің бірінші (іріктеу) және екінші (іріктеу) кезеңдерін өткізу мерзімі аудандық (қалалық) білім бөлімдері басшыларының, білім беру ұйымдары директорларының бұйрықтарымен белгіленеді.

«Жұлдызша» турнирінің 1-кезеңі (мектепішілік) және 2-кезеңі (қалалық және аудандық) бойынша есептер ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығына мына мекен-жай бойынша беріледі: Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 21, 1-қабат, каб. 106, **e-mail: sporturizm@shygysdaryn.kz.**

IV. Турнирге қатысушылар

«Жұлдызша» балалар мен жасөспірімдер турниріне жалпы білім беретін мектептердің балалар командаларына қатысуға рұқсат етіледі.

Ойыншылардың жасы екі жас тобында анықталады:

1) 2009-2010 (2011) ж.т. (ұлдар);

2) 2012-2013 (2014) ж.т. (ұлдар).

Командаға I жас ерекшелік тобы бойынша 2011 жылы туған, II жас ерекшелік тобы бойынша 2014 жылы туған хоккейшілер медициналық анықтама және нотариуспен куәландырылған екі ата-ананың жазбаша рұқсатымен ғана қатыса алады.

Команда құрамы: 20 адам, оның ішінде: 18 ойыншы, 1 жаттықтырушы, 1 ұйымның өкілі.

V. Турнирді өткізу шарттары

Турнир ИИФ ережелеріне сәйкес жеребе тастау бойынша өткізіледі.

Матчтың ұзақтығы - 45 минут. 15 минуттық таза уақыттың үш кезеңі (кезеңдер арасындағы үзіліс 5 минут).

Турнирге қатысатын командалардың хоккей ойынының ережелеріне сәйкес жабдықтары болуы керек.

VI. Жеңімпаздарды анықтау

Жарыстардың кезеңдері бойынша қорытындыларды өткізу жүйесі:

- Турнирге қатысушы командалар жеребе тарту арқылы екі А және В топтарына төрт командадан бөлінеді.

- Алдын ала ойындардың қорытындысы бойынша топтардағы екі үздік команда А1-В2 және В1-А2 қағидасы бойынша жүлделі орындарды сарапқа салады.

- Жұптардың жеңімпаздары финалдық матчта, ал ұтылғандар матчта 3 орын үшін таласады.

- Өз топтарында 3 және 4 орын алған командалар ұқсас қағида бойынша түйіскен матчтарда кездеседі.

- Жұптардың жеңімпаздары 5-6 орынға, ал ұтылғандар 7-8 орын үшін ойнайды.

Матч тең нәтижемен аяқталған жағдайда, бірінші тасталған шайбаға дейін қосымша кезең (5 минуттан артық уақыт) тағайындалады.

Қосымша уақытта ойын 4-тен 4-ке форматында ойналады.

Егер қосымша уақыт тең аяқталса, матчтың жеңімпазын анықтайтын 5 лақтыру тағайындалады (буллит), егер олар жеңімпазды анықтамаса, лақтырулар бір команданың ойыншысы қақпаға шайба лақтырғанға дейін жалғасады, ал басқа команданың ойыншысы қақпаға шайба салмайды.

Топтарда жеңімпаздар барлық кездесулерде жинаған ұпай саны бойынша анықталады.

- Жеңіс үшін 3 ұпай есептеледі;

- Қосымша уақытта және матч жеңімпазын анықтайтын шайба сериясындағы жеңіс үшін - 2 ұпай;

- Қосымша уақытта және матч жеңімпазын анықтайтын шайба сериясында жеңілгені үшін - 1 ұпай;

- Негізгі уақытта жеңіліс үшін - 0 ұпай;

- Матчқа келмеген команда үшін 5:0 техникалық жеңіліс есептеледі.

Екі немесе одан да көп командаларда ұпай саны тең болған жағдайда жеңімпаздар келесі көрсеткіштер бойынша анықталады:

- командалар арасындағы матчтарда жинаған ұпай саны;

- командалар арасындағы матчтарда соғылған және өткізіп алған шайбалардың айырмашылығы;

- осы командалар арасындағы матчтарда тасталған шайбалардың саны;

- барлық кездесулерде соғылған және өткізіп алған шайбалардың ең көп айырмашылығы;

- барлық кездесулерде тасталған шайбалардың ең көп саны.

** жарыстың құрылымы мен мерзімі командалардың берген өтінімдеріне байланысты өзгеруі мүмкін*

VII. Өтінім құжаттары

Командалардың финалдық жарыстарға қатысуы туралы алдын ала өтінімдер (қатысушылар саны) **жарыс басталардан 10 күн бұрын** ШҚО білім басқармасының Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы КМҚК, Өскемен қ., Абай даңғылы, 21, 1-қабат, **sporturizm@shygyssaryn.kz. электрондық поштасына** ұсынылады.

Мектепішілік, аудандық/қалалық жарыстарға, сондай-ақ турнирдің финалдық кезеңіне өтінім құжаттарының тікелей Мандаттық комиссияның отырысына беріледі:

- туу туралы куәліктің түпнұсқасы және оның көшірмесі;
- медициналық мекеменің, осы жарысқа жіберген ұйымның куәландырған анықтамасы, жарыстың өтінімі (Қосымша 1);
- команда өкілі ойыншыларға оқу орнынан мектеп директорының қолы қойылған фотосуреті бар анықтамаларды ұсынуы керек (мөр фотосуреттің бұрышында қойылуы керек) (Қосымша 2).

Турнирге Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының чемпионаттарына қатысатын шайбалы хоккейден олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектептерінде оқитын балалар жіберілмейді.

Турнир регламенті бұзылған жағдайда – құжаттарды бұрмалау (қатысушының жасы, оқу орны) команда турнирден шығарылады.

Анықтама телефондары: 8 (72332) 702674, 8(777)984-26-46.

VIII. Турнирге қатысушыларды және командаға қызмет көрсетуді сақтандыру

Турнирге қатысу үшін Мандаттық комиссияға әрбір жеке хоккей ойыншысы және команданың сақтандыру шарты (оқыс-оқиға жағдайы, өмір және денсаулық) болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Тізімді сақтандыру компаниясы куәландыру тиіс. Сақтандыру шарты қатысушылардың жарысқа жіберуші ұйымдар есебінен жүргізіледі.

Командалардың турнирдің финалдық жарыстарын өткізу орнына келуі жергілікті полиция қызметінің сүйемелдеуімен жүзеге асырылуы тиіс.

IX. Марапаттау

Ақтық кезеңде I, II және III орындарды иеленетін командалар естелік кубогімен және дипломдармен, тиісті дәрежедегі медальдармен марапатталады.

Амплуа бойынша үздік ойыншылар («қақпашы», «шабуылшы», «қорғаушы», «ең үздік ойыншы») арнайы жүлделермен марапатталады.

X. Қаржылық шығындар

Іс-шараны қаржыландыруды ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығы бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырады.

Номинациялар бойынша арнайы естелік сыйлықтарды сатып алу шығындарын ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы және «Қазақстан шайбалы хоккей федерациясы» РҚБ ШҚО филиалы өтейді.

Командаларды іссапарға жіберуге байланысты шығындарды (екі жаққа жол жүру, жолдағы тәуліктік, жарыс кезінде тұру және тамақтану) іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

**2022 – 2023 оқу жылындағы
Шығыс Қазақстан облысы, қалалар мен аудандардың балалар-жасөспірімдер
командалары арасында шайбалы хоккейден
«Жұлдызша» турниріне қатысуға
Өтінім**

_____ (қалалық/аудандық)

Жас ерекшелігі: _____ (көрсету)

№ п/п	Спортшының ТАӨ	Туылған жылы	Сыныбы	Бапкердің ТАӨ	Оқу орнының мекенжайы	Әлеуметтік жағдайы (Аз қамтылған / көпбалалы, жетім- балалар ж/е т.б.)	Дәрігер рұқсаты (қолы, мөрі)


М.О.

Спортшылар жіберілді _____

Дәрігер _____ (қолы)

Білім бөлімінің, спорт бөлімінің басшысы _____ (қолы)

« ____ » _____ 2023 ж.



**2022-2023 оқу жылындағы Шығыс Қазақстан облысы,
қалалар мен аудандардың балалар-жасөспірімдер
командалары арасындағы шайбалы хоккейден
«Жұлдызша» турниріне қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

мектептің М.О.

(мектеп мөрі суреттің бұрышына қойылады)

Т.А.Ә. _____

Туылған жылы _____

Спорттық дәрежесі _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры _____

(Т.А.Ә., қолы)